

## Қармақшы ауданының Т.Көмекбаев ауылдық округінің құрамында Шобанқазған ауылын құру туралы

Қызылорда облыстық мәслихатының және Қызылорда облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 459/68 бірлескен шешімі мен қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 10 сәуірде N 4201 тіркелді.

Ескерту. Қаулы мен шешім жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 10.07.2013 № 188 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 10.07.2013 № 112 шешімімен (қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қармақшы ауданының Т. Көмекбаев ауылдық округінің құрамында Шобанқазған ауылы құрылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Қызылорда облысының статистика департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесіне осы қаулы мен шешімнен туындайтын шараларды қабылдау ұсынылсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 10.12.2015 № 261 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 10.12.2015 № 329 шешімімен ( қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі	М. Құл-Мұхамед
Қызылорда облыстық мәслихатының V сессиясының төрағасы	Ә. Әбдіхалықова
Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы	Н. Құдайбергенов
"Қызылорда облысының статистика басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы	Б. Сапар